

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солдатово ауылдық округінің Солдатово ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солдатово ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 1 шешімі. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солдатово ауылдық округі әкімінің 2023 жылғы 15 маусымдағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солдатово ауылдық округі әкімінің 15.06.2023 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 – бабының 2 – тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 – бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы Министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Катонқарағай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2023 жылғы 27 сәуірдегі № 153 ұсынысына сәйкес, ШЕШТІМ:

1. Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Солдатово ауылдық округінің Солдатово ауылында ірі қара мал арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Солдатово ауылдық округінің әкімі

Б. Кадырмышев